Основная цель исследования – определить эффективные методы преподавания элементов геометрии в начальной школе и проанализировать их эффективность с научной точки зрения. В рамках исследования были проанализированы педагогические подходы, применяемые для формирования геометрических понятий и навыков у учащихся начальной школы, и проведена оценка их результативности. Кроме того, в исследовании рассматриваются современные методы и приёмы обучения, цифровые инструменты и образовательные стратегии, направленные на совершенствование методики преподавания геометрии, а также выявлены пути эффективного использования педагогических приёмов, способствующих развитию пространственного мышления.

В соответствии с требованиями современности преподавание элементов геометрии в начальной школе становится важной составляющей математического образования. Геометрические понятия и основные представления способствуют развитию логического мышления и формированию пространственных образов у учащихся. Настоящее исследование направлено на изучение методических основ эффективного усвоения элементов геометрии в начальной школе, с разработкой дидактических принципов введения геометрических знаний и предложением рекомендаций по совершенствованию образовательного процесса. Результаты исследования позволяют предложить методы и стратегии, которые способствуют повышению математической грамотности и развитию геометрического мышления у учащихся.

В ходе исследования были выявлены эффективные пути развития мышления учащихся через освоение геометрических понятий, а также подчеркнута значимость привязки изучаемого материала к реальным жизненным ситуациям. Освоение геометрических знаний учащимися напрямую зависит от методов проведения урока, разнообразия используемых приёмов и особенностей интеграции и объяснения учебного материала преподавателем.

Ключевые слова: мышление, развитие, начальная школа, элементы геометрии, процесс обучения, методы и приёмы.

M. Kenenbayeva, A. Mukaram
Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan,
Pavlodar, Kazakhstan

**Developing the thinking of elementary school
students in math lessons**

Annotation. This article explores the development of primary school students' thinking skills through the study of geometry elements, focusing on effective instructional methods and their impact on learning outcomes. The main aim of the study is to identify and scientifically analyze effective approaches to teaching geometry in primary education. The research examines pedagogical methods used to form

geometric concepts and skills among young learners and evaluates their effectiveness in enhancing spatial and logical thinking. Special attention is given to modern teaching techniques, including the use of digital tools and innovative educational strategies, aimed at improving the methodology of teaching geometry elements. In line with contemporary educational requirements, geometry instruction is viewed as an essential component of mathematical education that supports the development of spatial representations and mathematical literacy. The study highlights the importance of methodological principles for introducing geometric knowledge and emphasizes the connection between geometric content and real-life situations. The findings demonstrate that students' mastery of geometric concepts largely depends on the teacher's instructional strategies, the variety of teaching methods employed, and the clarity of content presentation. The proposed methods and recommendations contribute to the effective development of students' geometric thinking and overall cognitive abilities.

Keywords: thinking, development, primary school, geometry elements, teaching process, methods and techniques.

Мақала тарихы: Алынған күні: 06.11.2025. Қабылданды: 09.12.2025

Авторлар туралы мәлімет:

Кененбаева Маржан Ахметкаримовна – Педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан. E-mail: m-kenenbaeva@mail.ru

Мұқарам Айжан Жасұланқызы – «Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» ББ магистранты, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар Педагогикалық университеті, Әлихан Бөкейхан атындағы лицей-мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, Павлодар, Қазақстан. Tel. +77762152106. E-mail: mukaramova.aizhan@mail.ru

Information about the authors:

Кененбаева Маржан Ахметкаримовна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор Высшей школы педагогики, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, Павлодар, Казахстан. E-mail: m-kenenbaeva@mail.ru

Мұқарам Айжан Жасұланқызы – магистрант ОП «Педагогика и методика начального обучения», Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, учитель начальных классов школы-лицея имени Әлихан Бөкейхан, Павлодар, Казахстан. Tel. +77762152106. E-mail: mukaramova.aizhan@mail.ru

Информация об авторах:

Kenenbayeva Marzhan Akhmetkarimovna – candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Higher School of Pedagogy, Pavlodar Pedagogical University named after Alkei Margulan, Pavlodar, Kazakhstan. E-mail: m-kenenbaeva@mail.ru

Mukaram Aizhan Zhasulankyzy – master's degree student of the Educational Program "Pedagogy and Methods of Primary Education", Alkey Margulan Pavlodar Pedagogical University; primary school teacher at Alikhan Bokeikhan School-Lyceum, Pavlodar, Kazakhstan. Tel.: +7 776 215 2106. E-mail: mukaramova.aizhan@mail.ru

ӨОЖ 372.851
FTAMP 77.03.17

DOI 10.52301/1991-0614-2025-4-26-44

М.К. Сирлибаев*, З.К. Құлышарипова, Ж.Д. Капашева

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар, Қазақстан
sirlibaevm@mail.ru*

БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ГЕНДЕР САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

Аннотация. Гендерлік тәсілді өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу үдерісіне енгізу – заманауи спорттық білім берудің өзекті бағыты. Әсіресе, бұл мәселе дене мәдениеті мен спорт саласында айрықша маңызға ие, себебі мұнда гендерлік мәселелер қоғамның басқа салаларына қарағанда өткірірек көрініс табады. Гендерлік-рөлдік ерекшеліктерді ескеру қозғалыс белсенділігінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді, әрі жеке тұлғаның табиғи қалыптасу үдерісіне нұқсан келтірмейді.

Бұл зерттеу бағытының перспективті міндеттеріне мыналар жатады: дене шынықтыру мұғалімдерінің гендерлік тәсілді мектеп оқушыларымен жұмыс барысында жүзеге асыруға қатысты құзыреттілігін дамытудағы сабақтастықты қамтамасыз ету; мұғалімдердің гендерлік мәселелер бойынша құзыреттілік жетіспеушілігін анықтауға арналған диагностикалық құралдарды әзірлеу.

Мақалада қарастырылған кадрлық, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық жағдайлар дене шынықтыру мұғалімдерінің гендерлік тәсілді қолдану құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді және оларды педагогикалық жоғары оқу орындарында даярлау мен біліктілігін арттыру үдерісінде кеңінен қолдануға болады.

Зерттеу барысында педагогке болашақ жұмысында қолдану үшін гендерлік ерекшеліктерді тану, маскулиндік пен фемининдік, оқушылардың гендерлік толеранттылығы, екі жыныс өкілдерінің айырмашылықтары, мұғалімнің гендерлік рөлдік ұстанымдары, оқытудағы гендерлік айырмашылықтарды ескеру, гендерлік басымдық сияқты аспектілерді қамтитын диагностикалық материалдармен әдістемелік ұсынымдар жиынтығы ұсынылды. Дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің гендерлік құзыреттілігін қалыптастыру деңгейі олардың адамгершілік қағидаларына, толеранттылық деңгейіне және гендерлік саладағы базалық құзыреттілікті дамыту үшін оңтайлы стратегияны таңдау қабілетіне тікелей әсер етеді.

Кілтті сөздер: гендер, білім берудегі гендер рөлі, болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің құзыреттілігі, дене шынықтыру, гендерлік тәсіл.

Кіріспе

Қазіргі қазақстандық білім беру жүйесінде педагог кадрларды даярлау үдерісі тек кәсіби білім мен әдістемелік дағдыларды меңгертумен шектелмей, болашақ мұғалімнің әлеуметтік, мәдени және тұлғалық құзыреттіліктерін қалыптастыруды көздейді. Осы тұрғыда гендерлік құзыреттілік педагогтің кәсіби бейнесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Әсіресе дене шынықтыру мұғалімінің қызметі оқушылардың физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерімен тікелей байланысты болғандықтан, гендер факторын ескеру білім беру сапасын арттырудың өзекті шарты болып табылады.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби даярлығы барысында ұлдар мен қыздардың жас және жыныстық даму айырмашылықтарын, дене мүмкіндіктерін, мотивациялық ерекшеліктерін, сондай-ақ спорттық және қозғалыс белсенділігіне қатысудағы әлеуметтік стереотиптердің ықпалын түсіну ерекше маңызға ие. Гендерлік тұрғыдан сауатты педагог білім алушылар арасында тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етіп, дискриминациялық көзқарастардың алдын алуға және инклюзивті, қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға қабілетті болады.

Алайда педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау тәжірибесін талдау гендер мәселелеріне жүйелі түрде көңіл бөлінбейтінін көрсетеді. Оқу жоспарларында гендерлік білім фрагментарлы сипатта ұсынылып, кәсіби құзыреттіліктер құрылымында нақты айқындалмаған. Бұл жағдай болашақ мамандардың гендер саласындағы теориялық білімінің жеткіліксіздігіне және оны практикалық қызметте қолдануда қиындықтарға әкелуі мүмкін.

Осыған байланысты болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің гендер саласындағы негізгі құзыреттіліктерін айқындау, олардың мазмұнын ғылыми тұрғыдан негіздеу және педагогикалық даярлық жүйесіндегі орнын анықтау қазіргі педагогика ғылымының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Зерттеу нәтижелері дене шынықтыру мұғалімдерін кәсіби даярлау сапасын жетілдіруге, гендерлік теңдік қағидаттарына негізделген білім беру тәжірибесін қалыптастыруға ықпал етеді.

Осы зерттеудің мақсаты – болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің гендер саласындағы негізгі құзыреттіліктерін айқындау, олардың мазмұндық құрылымын ғылыми тұрғыдан негіздеу және кәсіби даярлау үдерісіндегі қалыптасу ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін төмендегі міндеттер қойылды:

– Гендерлік тәсіл мен гендерлік құзыреттілік ұғымдарының педагогика және дене шынықтыру саласындағы теориялық негіздерін талдау;

- Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби қызметіндегі гендерлік факторлардың рөлін айқындау;
- Болашақ мамандар үшін маңызды болып табылатын гендер саласындағы негізгі құзыреттіліктердің құрылымы мен мазмұнын анықтау;
- Педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау үдерісінде гендерлік құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін сипаттау.

Материалдар мен әдістер

Қазіргі білім беру тәжірибесі көрсеткендей, бір сыныпта білім алатын немесе бір отбасында тәрбиеленетін балалардың оқу қарқыны, танымдық мүмкіндіктері мен қабілеттері бірдей деңгейде болмайды. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде оқытуды даралау мен сараптап оқыту қағидаты басым бағыттардың бірі ретінде айқындалған. Бұл ұстаным білім алушылардың жеке білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға және оқу жетістіктерін арттыруға бағытталған. Аталған қағидаттың өзектілігі 2012 жылы қабылданған «Қазақстан – 2050» стратегиясында да көрініс тауып, онда білім беру сапасын жетілдіру мақсатында заманауи білім беру бағдарламалары мен инновациялық оқыту әдістемелерін енгізудің маңыздылығы ерекше атап өтілген [1].

Дене шынықтыру мұғалімдерінің гендерлік тәсіл мәселелеріндегі құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін ұйымдастырушылық-әдістемелік жағдайларға теоретикалық-методологиялық талдау жүргізу – жоғары педагогикалық білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе болып табылады.

Өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде гендерлік тәсілді жүзеге асыру – заманауи білім берудің маңызды бағыты. Әсіресе, бұл мәселе дене мәдениеті мен спорт саласында ерекше маңызға ие, себебі мұнда гендерлік проблематика қоғамның басқа салаларына қарағанда өткірірек байқалады.

Біздің зерттеуімізге қатысты еңбектерді талдау барысында бірнеше мәселелерді бөліп көрсету қажет: ұлдар мен қыздардың бөлек және аралас оқыту жүйелері, сондай-ақ олардың айырмашылықтарын ескере отырып білім беру. Сонымен қатар, білім беру саласындағы гендерлік тәсіл мәселелері әлдеқайда сирек талқыланады [2].

Бұл мәселені зерттеудің тағы бір аспектісі – білім беру мен тәрбиелеу үдерісінде жыныстық-гендерлік айырмашылықтарды ескеру. Ғалымдардың бұл мәселеге қатысты пікірлері әртүрлі: жеке тұлғаның даралық ерекшеліктерін ескеру маңызды ма, әлде гендерлік айырмашылықтарға басымдық беру қажет пе деген пікірталастар әлі де жалғасуда.

Соңғы онжылдықтарда ғалымдар білім беру жүйесіне гендерлік тәсілдің түрлі аспектілерін енгізу мен жүзеге асыру ең өзекті мәселе деген тұжырымға жиі келуде. Осы тұрғыда А.В. Мудрик, А. Сиротюк, Л.И. Столярчук, Л.В. Штылева, Дж. Коек, А. Кнопперс, Дж.А. Валли, К.К. Грабер және басқа да зерттеушілердің еңбектерін атап өтуге болады. Л.В. Штылеваның пікірінше, білім беру тәжірибесінде гендерлік тәсілді пайдалану ұлдар мен қыздардың қабілеттерін дамытуға және олардың болашақтағы әртүрлі өмірлік салаларда, соның ішінде біздің зерттеуіміздің бағыты – спорттық қызметте – өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасайды [3].

Дене шынықтыру мұғалімдерінің гендерлік тәсіл мәселелеріндегі құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін ұйымдастырушылық-әдістемелік жағдайларды талдау барысында бірқатар проблемалар анықталды. Олардың ішінде ұлдар мен қыздарды бірлесіп оқыту кезінде олардың дене мәдениетіне деген қызығушылығы мен мотивациясын ескерудің маңызы ерекше аталады, себебі бұл айырмашылықтар гендерлік ерекшеліктерге негізделген. Бұл тұрғыда оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру сипатын, дене тәрбиесі мен оқыту құрылымын және мазмұнын, ұлдар мен қыздардың психологиялық жайлылығын қамтамасыз ететін жағдайларды, сондай-ақ олардың психо-физиологиялық денсаулығын сақтау қағидалары мен әдістерін іске асыруды дұрыс түсіну үлкен мәнге ие.

Дене мәдениеті мен спорт саласы, біздің ойымызша, гендерлік тәсілдерді қолдануда маңызды аспект болып табылады және осы бағыттағы ұйымдастырушылық-әдістемелік жағдайларды қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл жағдайлар дене шынықтыру мұғалімдерінің біліктілігін арттыру жүйесіне гендерлік тәсіл, гендерлік педагогика және психология бойынша оқу курстары мен олардың оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін енгізуді қамтиды.

Соңғы жылдары дене тәрбиесі саласындағы зерттеушілер ұлдар мен қыздарды оқытудағы сараланған тәсіл мәселесіне ерекше қызығушылық танытуда. Дене шынықтыру сабақтарында ұлдар мен қыздарға сараланған көзқарас таныту қажеттілігі туралы сұраққа әлі күнге дейін біржақты жауап жоқ, себебі олардың дене тәрбиесі бірдей болуы тиіс емес. Бірақ бұл айырмашылықтар қандай аспектілерде – жаттығу құралдары, жүктеме деңгейі, талаптар, рөлдерді бөлу, сабақтарды ұйымдастыру және т.б. – көрінуі тиіс деген мәселе әлі толық анықталмаған.

Физиологтардың мәліметтері бойынша ұлдар мен қыздардың физиологиялық функцияларындағы айырмашылықтар жыныстық жетілу кезеңінен бастап (шамамен 11–12 жас) айқын көріне бастайды. Осы жастағы ұлдар мен қыздардың дене дайындығы мен даму қарқынындағы айырмашылықтар негізінен олардың жыныстық ерекшеліктерімен анықталады. Жасөспірімдік және жастық шақ кезеңдерінде негізгі қозғалыстардың, дене қасиеттерінің және қозғалыс белсен-

ділігінің қалыптасу динамикасында жыныстық айырмашылықтар байқалады. Бұл жағдай ұлдардың көпшілік бақылау жаттығуларын орындау нәтижелері бойынша қыздарға қарағанда жоғары көрсеткіштер көрсетуіне әкеледі.

Зерттеулер барысында ғалымдар ұлдардың негізгі қимыл-қозғалыс әрекеттерінде қыздардан артықшылығы бар деген қорытындыға келді. Орташа есеппен алғанда, ұлдардың жүгіру, секіру және лақтыру көрсеткіштері қыздарға қарағанда жоғары. Алайда қыздар көбінесе икемділік пен тепе-теңдікті сақтауда ұлдарға қарағанда жақсы нәтижелер көрсетеді. Сонымен қатар олардың күнделікті өмірдегі қозғалыс белсенділігі мен дене жаттығуларына, қозғалысты ойындарға қызығушылығын ескеру қажет. Бұл дене тәрбиесі үдерісіне оларды сараланған түрде тартудың маңыздылығын көрсетеді.

Дене шынықтыру мұғалімдері оқушылардың жас ерекшеліктеріне және жыныстық айырмашылықтарына негізделген қозғалыс белсенділігін зерттей отырып, моторлық функциялардың дамуы ең жоғары нәтижеге жеке қозғалыс ерекшеліктерін, әлеуметтік-психологиялық және морфофункционалдық сипаттамаларды барынша толық ескеру арқылы жетуге болатынын анықтады. Сонымен қатар барлық оқушылар үшін бірыңғай дене шынықтыру бағдарламасы әрбір оқушы үшін әрдайым тиімді бола бермейді.

Бұл үдерістің методологиялық негізін В.М. Воиновтың зерттеулері құрайды. Оның ғылыми жұмыстары қозғалыс белсенділігіне байланысты жыныстық айырмашылықтардың ұзақтығы тұрғысынан тұрақты екенін, көлемі бойынша – айтарлықтай маңызды екенін және тиімділігі бойынша – ұл балаларда жоғары екенін көрсетті [4].

М.А. Рунованың зерттеулері бойынша ұл балалардың орташа қозғалыс белсенділігі 5 жасында 12 650 қимылды, ал қыздарда – 11 800 қимылды құрайды, 6 жаста ұлдарда – 13 800, қыздарда – 13 200; 7 жаста тиісінше 14 250 және 13 600 қозғалыс орындалған [5].

Көптеген зерттеушілер ұлдар мен қыздардың өз бетінше қозғалыс белсенділігі мазмұндық жағынан ерекшеленетінін атап өтеді. Бұл айырмашылық балалардың жынысына байланысты қызығушылықтарының әртүрлілігімен түсіндіріледі.

Атап айтқанда, ойын барысында ұлдар жылдамдық-күштік сипаттағы қозғалыстарға (жүгіру, нысанаға немесе қашықтыққа зат лақтыру, өрмелеу, күрес, спорттық ойындар) көбірек басымдық береді. Ал қыздар көбінесе тыныш сипаттағы ойындарды артық көреді: доппен, секіргішпен ойнау, тепе-теңдікті сақтау қозғалыстары (мысалы, бөрене немесе орындық үстімен жүру және т.б.).

Педагогикалық зерттеулердің нәтижесінде М.А. Рунова ұлдар да, қыздар да бірдей спорттық ойындар мен гимнастикаға тұрақты қызығушылық танытатынын анықтады.

Қыс мезгілінде дене шынықтыру сабақтарында шанамен сырғанау, мұзда тайғанау, шаңғымен жүру сияқты спорттық жаттығуларды қолдану ұсынылады. Ал жылы мезгілде балалар доппен, шеңбермен, секіргішпен ойнауды ұнатады. Бұл белсенділіктерге ұлдар да, қыздар да бірдей қатысады. Сонымен қатар, ұлдардың қыздармен бірге әртүрлі тәсілдермен секіргіштен секіруді үйренуі, ал қыздардың ұлдармен бірге велосипед тебуді меңгеруі жиі байқалады.

Осылайша, дене шынықтыру мұғалімдері ұлдардың өз бетінше іс-әрекет жасау барысында қыздарға қарағанда белсендірек болатынын білуі тиіс. Ал ұйымдастырылған оқу қызметінде бұл айырмашылықтар айтарлықтай байқала бермейді.

Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің гендер саласындағы құзыреттілігін қалыптастырудың негіздерін және педагогика, дене шынықтыру мен спорт саласында гендерлік білімдерді интеграциялау аспектісіндегі ғылыми зерттеулерді әрі қарай зерделеу – маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Сондай-ақ спортшылар мен оқушылардың құндылық-мағыналық және мотивациялық-ерік сапаларының гендерлік аспектілерін зерттеу осы тақырыптың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Келешекте теориялық-эмпирикалық зерттеудің перспективті бағыты ретінде дене шынықтыру және спорт факультеттерінің студенттерінің гендерлік ерекшеліктерін зерттеу анықталды. Бұл олардың барлығына қолайлы гендерлік-бейімделген білім беру ортасын қалыптастыруды және оқу-тәрбие үдерісін модификациялауды көздейді.

Ғалымдар спорттық-гендерлік стереотиптердің қалыптасу механизмдері әлі де жеткілікті түрде зерттелмеген деген қорытындыға келді. Бұл үдерісте бұқаралық ақпарат құралдарының үлкен рөл атқаратыны атап өтілді. Ерлер спорты туралы репортаждарда физикалық күш пен үстемдік сипаттамалары басымдыққа ие болса, әйелдер спорты туралы материалдарда көбінесе сыртқы келбет, тартымдылық, нәзіктік және әсемдікке көбірек мән беріледі, ал физикалық күш туралы ақпарат екінші кезекке қойылады.

Осыған байланысты дене тәрбиесі бойынша көптеген оқу-әдістемелік құралдарға ұлдар мен қыздардың физикалық дайындығына арналған әртүрлі нормативтер енгізілді.

Н.И. Бочарова бойынша ұлдар мен қыздарды сараланған түрде оқыту келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылуы қажет деп есептейді [6] (1 кестеде қара).

Гендерлік зерттеулердің бағытын нақтылау мақсатында біз физикалық қасиеттердің дамуындағы сезімтал (сенситивті) кезеңдерді – белгілі бір физикалық сапаның барынша қарқынды дамитын кезеңдерін қарастырдық.

1-кесте – Ұлдар мен қыздарды сараланған оқыту жағдайындағы дене дайындығының нормативтері

Сезімтал кезеңдер	Дене тәрбиесі нормативтері
Сезімтал (сыни) кезеңдерді есепке алу	Бұл минималды физикалық және психикалық шығындармен максималды нәтиже алу үшін ұлдар мен қыздардың моторикасын, физикалық қасиеттерін, дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру.
Жалпы дене шынықтыру даярлығын жынысы бойынша бөлусіз жүзеге асыру	Бұл төзімділік жаттығуларындағы жүктеме мөлшерінде, бұлшықет күшінің сипатында ғана көрінеді. Тереңірек арнайы дайындық ұлдар мен қыздарға арналған бөлек бағдарлама арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Ол әртүрлі спорттық ойындар мен жаттығуларды, бәсекеге қабілетті ойындарды (белгілі бір қасиеттердің басым дамуымен), спорттық гимнастика мен акробатика элементтерін қолдануға негізделуі мүмкін
Бірдей қозғалыстарды орындауға әртүрлі талаптар қою	Бұл айқындық, ритмика, қосымша күш (ұлдар үшін); икемділік, экспрессивтілік, сымбаттылық (қыздар үшін).

Бұл кезеңдерді мектеп оқушыларының спорттық дайындығы мен дене тәрбиесінде ескеру қажет, өйткені олар генетикалық бақылаудың әлсіреуімен және организмнің сыртқы әсерлерге, соның ішінде педагогикалық және жаттығу ықпалдарына жоғары сезімталдығымен ерекшеленеді.

Сезімтал кезеңдердегі жаттығу әсерлері барынша тиімді болады. Осы уақытта күш, жылдамдық, төзімділік сияқты физикалық қасиеттер қарқынды дамып, дененің физикалық жүктемелерге бейімделу реакциялары барынша оңтайлы өтеді, сондай-ақ ағзаның функционалдық резервтері ең жоғары деңгейде қалыптасады.

Біздің зерттеуіміз аясында жас ерекшеліктеріне байланысты қайта құрылу кезеңдерінде дамудың оң үрдістері анықталды. Бұл кезеңдер кез келген дағдарыстық кезеңнің басты және негізгі мәні болып табылады [7].

Өтпелі кезеңнің сипаты, оның ішінде дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби қалыптасу процесіндегі ерекшеліктері, жағымды немесе жағымсыз симптомдардың басым болуына байланысты әртүрлі болуы мүмкін: ол не қарқынды түрде өтеді, не біртіндеп жүреді. Әрбір өтпелі кезеңнің соңында жаңа қасиеттер мен сапалар қалыптасады, олардың қатарында кәсіби-психологиялық жаңартулар да бар. Бұлар бұрынғы кезеңде болмаған, бірақ кәсіби дамуда қажетті құзыреттіліктерді айқындайды. Бұл балалардың спорттық бағыттағы өтпелі кезеңдерінде жағымды немесе жағымсыз үрдістерді нақты түсінуге мүмкіндік береді.

Ғалымдар спортпен айналысатын балалардың жастық кезеңнен ересектікке өтуінің үш негізгі жолын анықтап, өтпелі кезеңдегі жағымсыз немесе жағымды симптомдардың басымдығы туралы пікірталасты шешті:

– Үздіксіз өсу, немесе тұрақты кезең.
– Толқынды өсу, яғни бейімделу құбылыстарының қиындықтардан басым болуы.

– Қиындықпен өсу, яғни қарама-қайшылықты кезең, мұнда жағымсыз үрдістер басым болады.

Осылайша сезімтал және дағдарыстық кезеңдерді түсіндіруде қарама-қайшы үрдістер байқалады. Бұл спорттық қызметте жас кезеңдерінің ауысуының диалектикалық күрделілігін және осы салада білімнің жеткіліксіздігін көрсетеді. Мұғалімдердің бұл құбылыстарды сипаттайтын терминдерді әртүрлі түсіндіруінің себептерінің бірі, сірә, осы факторлармен байланысты.

Сезімтал және дағдарыстық кезеңдер спортта жеке тұлғаның әртүрлі деңгейлерінде (физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік-психологиялық) көрініс табады және олардың даму уақытының сәйкес келуіне, сондай-ақ функционалдық байланыстардың қалыптасуына байланысты өзара тығыз байланысты болады.

Бұл бағыттар дене шынықтыру сабақтарында, спорттық ойын элементтері енгізілген жаттығулар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Мұндай жаттығулар ұлдар мен қыздарға арнайы жоспарланған түрде берілуі тиіс.

Дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру және өткізу үшін қозғалыс әрекетінің келесі нұсқаларын білу ұсынылады:

I блок-қыздар мен ұлдарға арналған тапсырмалардың бір бөлігі айырмашылықтары бар бүкіл топтық сабақ.

II блок – кіші топтар бойынша сабақ (ұлдар мен қыздар)

III блок-сабақты өткізудің «интеграцияланған нұсқасы» (2-кесте).

Әзірленген нормативтерді дене шынықтыру сабақтарына енгізу – болашақ дене шынықтыру мұғалімдері үшін балалардың әртүрлі типтеріне қойылатын талаптардың ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Бірдей қимыл-қозғалыстарды орындау барысында ұл балаларға – дәлдік, ырғақтылық және қосымша күш жұмсау талап етілсе, қыз балаларға – икемділік, көркемдік және сымбаттылыққа мән беріледі. Дене шынықтыру мұғалімдері жаттығулар кешенін әзірлеу кезінде ұлдардың (жүгіру, нысанаға және қашықтыққа зат лақтыру, өрмелеу) және қыздардың (доппен және секіргішпен жаттығулар, би қимылдары) қимылдық қалауларын ескеруі тиіс.

Н.И. Бочарова соңғы жылдары секциялық және үйірмелік жұмыстардың кең таралғанын атап өтеді. Мәселен, көркем және ырғақты гимнастика, мәнерлеп сырғанау, хореография секцияларына көбінесе қыздар қатысса, ұлдар доппен және шайбамен спорттық ойындармен, тренажерлық жаттығулармен, жеңіл атлетикамен айналысады.

Осылайша дене шынықтыру мұғалімдері сабақтар барысында ұлдар мен қыздардың жыныстық-рөлдік мінез-құлқын белсенді түрде қалыптастыруы қажет. Бұл мектептердегі дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының сапасы мен тиімділігін айтарлықтай арттыруға ықпал етеді.

2-кесте – Дене шынықтыру сабақтарын өткізу бағытының нормативтері

Сезімтал кезеңдер	Дене тәрбиесі нормативтері
Сабақтың бірінші нұсқасының өзіндік түрлері бар	Бұл сабақтың дайындық және қорытынды бөлімдерінде балалар барлық жаттығуларды бірге орындайды, ал негізгі бөлімде олар топтарға бөлінеді; барлық балалар бірге жаттығады, бірақ жалпы дамыту жаттығуларын ұлдар қосымша салмақпен орындайды, бастапқы қалыптар мен жүктеме мөлшерін ескере отырып.
Екінші нұсқа – ұлдар мен қыздармен жұмыс істеу» кезінде әртүрлі әдістемелік тәсілдерді қажет ететін сабақтар немесе тақырыптық сабақтар	Бұл қозғалыс белсенділігі айқын гендерлік-рөлдік сипатқа ие болған жағдайларда байқалады.
Үшінші нұсқа біріктірілген нұсқа	Бұл сабақтың бір бөлігінде басқа жыныстың балалары өз шеберлігін көрсетіп, қатысатын балалардың (ұлдар немесе қыздар) кіші тобымен сабақ жүргізуді көздейді.

Нәтиже және талқылау

Біздің зерттеуіміздің нәтижелері келесідей болды: білім беру бағдарламаларын талдау, білім беру ұйымдарындағы дене шынықтыруды оқыту тәжірибесін зерттеу, педагогтардың гендерлік тәсілді жүзеге асыру мәселелері бойынша біліктілігін арттыру тәжірибесін қарастыру, сондай-ақ алынған деректерді қорыту және жүйелеу.

Психологиялық-педагогикалық практиканың мақсаты – университетте оқу барысында алынған дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі, спорттық пәндер, педагогика және психология бойынша теориялық білімдерді бекіту, сондай-ақ кәсіби қалыптасуға ықпал ететін дағдылар мен қасиеттерді меңгеру. Оқушылардың кәсіби практикасы – оқу процесінің ажырамас бөлігі болып табылады, оны ұйымдастыру және өткізу тәжірибе базаларымен жасалған ынтымақтастық келісімдері негізінде жүзеге асырылады.

Өндірістік практика оқыту және дамыту сипатында болады. Студенттер біртіндеп бастауыш және орта сынып оқушыларымен дене шынықтыру сабақтарын өткізуге қатысады: жалпы дамытушы жаттығулар кешендерін орындайды, сабақтың негізгі бөлімін жүргізуде мұғалімге көмектеседі, волейбол бойынша төрешілік етеді, жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламаларына сәйкес балалармен

қозғалыс ойындарын ұйымдастырады. Психологиялық-педагогикалық практика – болашақ дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастырудағы тағы бір маңызды кезең.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – қазіргі кезеңде «дене шынықтыру мұғалімінің гендер саласындағы кәсіби құзыреттілігі» ұғымының мазмұндық және құрылымдық-функционалдық сипаттамаларын психологиялық-педагогикалық және дидактикалық категория ретінде ашудың қажеттілігінде. Дене шынықтыру мұғалімін даярлаудың мазмұны мен педагогикалық шарттары әзірленді. Оған оның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық принципі ретінде гендерлік тәсілді негіздеу, дене шынықтыру мұғалімін даярлаудың болжамдық моделі кіреді. Бұл модель жынысты әлеуметтік сипаттама ретінде зерделеуді және оқу-тәрбие үдерісіндегі барлық факторлардың ұлдар мен қыздардың дамуына әсер ету ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың мінез-құлқы мен реакцияларында, оқыту стилінде көрініс табатын ерлер мен әйелдер психологиясын ескеруді көздейді [8].

Біздің зерттеуіміз барысында «Дене шынықтыру мұғалімінің гендер саласындағы кәсіби құзыреттілігін дамыту бағдарламасы» әзірленіп, олардың кәсіби қызметіндегі гендерлік аспектілер жүйеленді.

Бұл бағдарлама гендерлік кедергілерді жою дағдыларын меңгеруді, гендерлік айырмашылықтарға құрметпен қарауды қамтиды. Сондай-ақ ол гендерлік аспектілердің құрылымы, жүйесі және әдіснамасы бойынша академиялық білімді толықтыруға мүмкіндік береді және гендерлік теңдікті ілгерілетудің кең ауқымды стратегиясы ретінде гендерлік паритетті қамтамасыз етуге бағытталған. Бағдарламаның негізгі мақсаты – спорттағы гендерлік алшақтықтарды жою және олардың тамырына балта шабу.

Гендерлік тәсіл негізіндегі дене мәдениеті мен спорт саласы дене шынықтыру мұғалімінің құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді. Бұл үшін келесі ұйымдастырушылық-әдістемелік шарттар жасалған:

Біріншіден, қосымша кәсіби білім беру бағдарламаларына «Қазіргі білім берудегі гендерлік тәсіл» атты оқу модулін енгізу қажет. Бұл модуль оқу-әдістемелік құралдарды, диагностикалық құралдарды, оқу материалдары мен оқулықтарға гендерлік талдау жүргізу бойынша ұсыныстарды қамтиды.

Екіншіден, гендерлік педагогика және психология саласындағы мамандарды оқу үдерісіне тарту маңызды. Сонымен қатар курстар арасындағы кезеңде гендерлік проблематика бойынша жетекші ғалымдардың қатысуымен конференциялар, семинарлар және шығармашылық кездесулер ұйымдастыру орынды.

Үшіншіден, гендерлік тәсілді білім беру процесіне енгізіп отырған өңірлік инновациялық алаңдардың тәжірибесімен танысу маңызды.

Перспективалық міндеттерге мыналар жатады:

- дене шынықтыру мұғалімдерінің мектеп оқушыларымен жұмыс барысында гендерлік тәсілді іске асырудағы құзыреттілігін дамытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;

- педагогтардың гендерлік мәселелер бойынша құзыреттілік жетіспеушілігін анықтауға арналған диагностикалық құралдарды әзірлеу [9].

Университеттің педагогикалық білім беру курсының болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің дене шынықтыру мен спорттағы гендерлік теңдік мәселелеріне көзқарасына және оны жүзеге асыруына әсерін зерттеу нәтижесі ретінде мектептердегі дене шынықтыру сабақтарында гендерлік мәселелерді шешу дағдылары қалыптасты.

Авторлар дене шынықтыру мұғалімдерін арнайы мақсатты даярлау курстарын енгізу қоғамда да, білім беру ұйымдарында да гендерлік теңдік саласындағы әлеуметтік өзгерістерге ықпал етеді деген қорытынды жасады [10].

Зерттеу барысында қарастырылған (кадрлық, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, ақпараттық) жағдайлар дене шынықтыру мұғалімдерінің гендерлік тәсілді қолдану құзыреттілігін жетілдіруге ықпал етеді және оларды педагогикалық колледждерде, жоғары оқу орындарында және біліктілікті арттыру институттарында даярлау мен қайта даярлау үдерісінде кеңінен пайдалануға болады.

Осылайша студенттердің балалардың гендерлік тәрбиесі жөніндегі білімдерінің қалыптасу деңгейін кешенді түрде бағалау мақсатында біз 2-курс топтары арасында сауалнама жүргіздік.

Сауалнама балалардың гендерлік әлеуметтенуін психологиялық-педагогикалық қолдауды терең түсіну тұрғысынан студенттердің құзыреттілік деңгейін анықтауға көмектесті.

Сауалнама 22 сұрақтан тұрды, олардың жауаптары болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің гендерлік құзыреттілігінің даму көрсеткіштерін толық қамтиды. Бұл көрсеткіштерге:


- информативтік құзыреттілік (гендерлік мәселелер бойынша білім деңгейі),
- рефлексивтік құзыреттілік (гендерлік тәсілді өз педагогикалық тәжірибесінде қолдану қабілеті),
- мотивациялық құзыреттілік (гендерлік тәсілді іске асыруға деген ынтасы мен дайындығы) жатады (3-кесте).

Сауалнама нәтижелері бойынша студенттердің басым көпшілігі төмен және орта деңгейде екендігі белгілі болды (1-сурет).

- Ақпараттық құзыреттілік 2 курс 38 пайыз – 3 курс 52 пайыз;
- мотивациялық құзыреттілік 2 курс 36 пайыз – 3 курс 59 пайыз;
- рефлексиялық құзыреттілік 2 курс 32 пайыз – 3 курс 49 пайыз.

3-кесте – Дене шынықтыру сабақтарын өткізу бағытының нормативтері

Сезімтал кезеңдер	Дене тәрбиесі нормативтері
Ақпараттық құзыреттілік	Гендерлік тәрбиенің ерекшеліктері, балалардың гендерлік өзіндік сәйкестігінің айрықша белгілері туралы білімді меңгеру – табысты гендерлік идентификацияның маңызды шарты. Әр жынысқа тән психологиялық қасиеттерді ажырата білу. Баланың тәрбиесіндегі гендерлік тәсілдің маңыздылығын терең түсіну және бұл туралы саналы білімге ие болу.
Мотивациялық құзыреттілік	Баланың гендерлік идентификациясы процесіне қатысты мотивациялық ұстанымдарының тұрақтылығы. Баламен өзара әрекеттесуін саналы түрде түсіну және ұғыну.
Рефлексиялық құзыреттілік	Дәлелділікті көздейді, яғни баламен өзара әрекеттесу тәсілдері толық негізделген.



1-сурет – 2 және 3 курс студенттерінің сауалнамасының нәтижелері


Бұл нәтижелер студенттердің өзін-өзі дамытуға ұмтылысының төмендігімен; балалардың гендерлік сәйкестендіру үдерісіне аз қызығушылық танытуымен; балалардың гендерлік дамуы саласындағы білімдерінің жеткіліксіздігімен байланысты болуы мүмкін. Өндірістік практика барысында мектеп оқушыларымен қарым-қатынас жасағанда, студенттер тек олардың жас ерекшеліктерін ескеріп, гендерлік ерекшеліктеріне назар аудармайды. Сондай-ақ олардың балалардың гендерлік сәйкестендіру үдерісіне деген мотивациясы жеткіліксіз.

Жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша студенттердің гендерлік тәрбие саласындағы құзыреттілігі жеткіліксіз деген қорытынды жасалды.

Сондай-ақ өндірістік практика барысында студенттер тәлімгерлерімен бірге ата-аналар арасында гендерлік аспектілерге қатысты сауалнама жүргізді.

Мектеп жұмысына ата-аналардың қанағаттанушылығына қатысты сауалнама нәтижелері келесі 6 фактіні көрсетеді:

- 100% ата-аналар дене шынықтыру сабақтары мен басқа да іс-шараларға қатысуға, сондай-ақ білім беру үдерісін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге мүмкіндігі бар екенін атап өтті;
- 93% ата-аналар мұғалімдермен қарым-қатынастарына қанағаттанған;
- 95% ата-аналар тәрбиешілердің балалардың қабілеттерін жан-жақты дамытуға, мектепте сапалы білім беруге және денсаулығын нығайтуға ықпал ететінін мойындайды;
- 98 % ата-аналар дене шынықтыру мұғалімдерінің оқушыларға құрметпен қарайтынын атап өтті;
- 100 % балалар дене шынықтыру мұғалімін құрметтейді және жақсы көреді;
- 85 % ата-аналар (оның ішінде 12 % ішінара) дене шынықтыру мұғалімінің беделін мойындайды, оның пікірін тыңдайды және оның кеңестерін балалардың дене тәрбиесінде қолданады.



2-сурет – Ата-аналардың сауалнамасының 6 фактісінің нәтижелері

Ата-аналардың сұраныстарын зерттеу олардың білім беру қызметінің мазмұнына сәйкес келетінін көрсетті:

- балалардың психофизикалық денсаулығын сақтау (47%);
- интеллектуалдық-шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту (72%);
- мектептегі дене шынықтыру сабақтарында сапалы білім алу (65%).

Осылайша алынған нәтижелер ата-аналар контингентінің біртекті еместігін, сондай-ақ олардың спорттық қызметтегі гендерлік аспектіні дамытуға қатысты мақсаттары мен құндылықтарының әртүрлі екенін көрсетті.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, мектептегі балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты реттеу мәселесі табысты шешілгені анықталды. Осыған байланысты ата-аналар балаларының спорттық жетістіктеріне қызығу-

шылық танытып, мектепке қажетті жағдайларды жасауға барынша қолдау көрсетуге ынталы болуы үшін олармен жұмысты дұрыс ұйымдастыру қажет.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби даярлығында гендерлік тәсілді жүйелі түрде енгізудің ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негізделген қажеттілігін дәлелдейді. Дене шынықтыру мен спорт саласы оқушылардың физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктері айқын көрінетін білім беру кеңістігі болғандықтан, мұнда гендерлік факторларды ескеру педагогикалық үдерістің тиімділігін арттырудың маңызды шарты болып табылады.

Зерттеу барысында болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің гендер саласындағы негізгі құзыреттіліктерінің құрылымы айқындалып, олардың ақпараттық, мотивациялық және рефлексиялық құрамдас бөліктері өзара тығыз байланыста дамитыны анықталды. Алынған эмпирикалық деректер студенттердің басым бөлігінде гендерлік құзыреттіліктің төмен және орта деңгейде қалыптасқанын көрсетті, бұл гендерлік білімнің жеткіліксіздігімен, кәсіби өзін-өзі дамытуға бағытталған уәждің әлсіздігімен және гендерлік аспектілерді педагогикалық практикада қолдану тәжірибесінің шектеулілігімен түсіндіріледі.

Сонымен қатар зерттеу нәтижелері дене шынықтыру мұғалімдерінің гендерлік құзыреттілігінің деңгейі олардың адамгершілік бағдарларына, толеранттылық мәдениетіне, оқушылармен өзара әрекеттесу стиліне және оқыту үдерісін саралап ұйымдастыру қабілетіне тікелей ықпал ететінін көрсетті. Гендерлік тәсілді елеулі оқушылардың қозғалыс белсенділігіне қызығушылығының төмендеуіне, мотивацияның әлсіреуіне және спорттық әлеуетінің толық ашылмауына әкелуі мүмкін.

Осыған байланысты педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау жүйесіне гендерлік педагогика мен психология элементтерін енгізу, арнайы оқу модульдерін әзірлеу, диагностикалық құралдар мен әдістемелік ұсынымдарды қолдану қажеттілігі негізделді. Ұсынылған ұйымдастырушылық-әдістемелік шарттар болашақ мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіруге және мектептегі дене шынықтыру сабақтарында гендерлік тендік қағидаттарын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің гендер саласындағы құзыреттілігін қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесінің стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл бағыттағы кешенді және жүйелі жұмыс оқушылардың дене дамуын, психоэмоционалдық жай-күйін және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін гендерлік-сезімтал білім беру ортасын қалыптастыруға негіз болады.

Мақала авторларының қосқан үлестері:

Сирлибаев Медет Кошербаевич – зерттеудің жалпы ғылыми тұжырымдамасын әзірледі, зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздеді, кіріспе бөлімін, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін тұжырымдады, сондай-ақ мақаланың теориялық-әдіснамалық негізін қалыптастырды.

Кульшарипова Зару Касымовна – гендерлік тәсіл мен гендерлік құзыреттілік мәселелері бойынша ғылыми әдебиеттерге талдау жүргізді, болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби даярлығы контекстінде гендер факторларының ролін айқындады және мақаланың теориялық бөлімін әзірлеуге қатысты.

Капашева Жансара Дүйсенбековна – зерттеу нәтижелерін жүйелеуге, негізгі қорытындыларды тұжырымдауға, практикалық ұсыныстарды әзірлеуге, сондай-ақ мақаланың мазмұнын редакциялауға және ғылыми талаптарға сәйкестендіруге үлес қосты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы [Мәтін]. – Астана, 2007.
2. **Дюльдина, Ж.Н.** Проблема гендера в педагогических исследованиях [Текст] // Современные наукоемкие технологии. – 2016. – №5. – С. 629-633.
3. **Штылева, Л.В.** Изучение гендерных характеристик студентов: Гендерная психология: практикум [Текст]. – СПб.: Питер, 2013. – 55 с.
4. **Зарубина, В.В.** Развитие акмеологической позиции учителей физической культуры в системе дополнительного образования взрослых [Текст] // Теория и практика физической культуры. – 2018. – № 2. – С. 24-26.
5. **Рунова, М.А.** Формирование оптимальной двигательной активности. Старший дошкольный возраст [Текст] // Дошкольное воспитание. – 2000. – №6. – С. 30-37.
6. **Бочарова, Н.И.** Педагогика отдыха [Текст]. – Москва: Юрайт, 2024. – 218 с.
7. **Блинков С.Н., Левушкин С.П., Сокунова С.Ф.** Изменение показателей двигательной готовности и физической работоспособности девочек 1-4 классов, проживающих в Ульяновской области, с начала до конца учебного года [Текст] // «Научные труды» журнал университета П.Ф. Лесгафта. – 2023. – №1(215). С. 58-64.
8. **Шустова Л.П., Данилов С.В.** Компетенции учителей физической культуры по применению гендерного подхода в образовании: возможности развития в системе повышения квалификации [Текст] // Теория и практика физической культуры. – 2020. – №7. С. 32-41.
9. **Михайлова Е.Ю., Утишева Е.В., Закревская Н.Г., Андросова Г.А.** Академическая система физического воспитания и спорта: гендерный аспект [Текст] // Теория и практика физической культуры. – 2021. – №12. – С. 87-88.
10. **Ерофеева Р.Ж.** Формирование профессиональной готовности учителей физической культуры с учетом гендерных особенностей обучающихся. Диссертация на соискание степени доктора философии (PhD) [Электронный ресурс]. – Павлодар, 2020. https://tou.edu.kz/upload/dis_council/135.pdf

References

1. Kazakhstan Respublikasynyn «Bilim turaly» Zany [Law of the Republic of Kazakhstan «On Education»] [Text]. – Astana, 2007. [In Kazakh]
2. **Dyul'dina, Zh.N.** Problema gendera v pedagogicheskikh issledovaniyakh [The problem of gender in pedagogical research] [Text] // *Sovremennye naukoemkie tekhnologii*. – 2016. – №5. – P. 629-633. [In Russian]
3. **Shtyleva, L.V.** Izuchenie gendernyh harakteristik studentov: Gendernaya psihologiya: praktikum [Study of students' gender characteristics: Gender psychology: a practicum] [Text]. – SPb.: Piter, 2013. – 55 p. [In Russian]
4. **Zarubina, V.V.** Razvitie akmeologicheskoy pozicii uchitelej fizicheskoy kul'tury v sisteme dopolnitel'nogo obrazovaniya vzroslykh [Development of the acmeological position of physical education teachers in the system of additional adult education] [Text] // *Teoriya i praktika fizicheskoy kul'tury*. – 2018. – № 2. – P. 24-26. [In Russian]
5. **Runova, M.A.** Formirovanie optimal'noj dvigatel'noj aktivnosti. Starshij doshkol'nyj vozrast [Formation of optimal motor activity. Senior preschool age] // *Doshkol'noe vospitanie*. – 2000. – №6. – P. 30-37. [In Russian]
6. **Bocharova, N.I.** Pedagogika otдыха [Pedagogy of leisure] [Text]. – Moscow: Yurait, 2024. – 218 p. [In Russian]
7. **Blinkov, S., Levushkin, S., Sokunova, S.** Izmenenie pokazatelej dvigatel'noj gotovnosti i fizicheskoy rabotosposobnosti devochek 1–4 klassov, prozhivayushchih v Ul'yanovskoy oblasti, s nachala do konca uchebnogo goda [Changes in indicators of motor readiness and physical performance of girls in grades 1–4 living in the Ulyanovsk region from the beginning to the end of the academic year] [Text] // *Nauchnye trudy zhurnala universiteta P.F. Lesgafta*. – 2023. – №1(215). – P. 58-64. [In Russian]
8. **Shustova, L., Danilov, S.** Kompetencii uchitelej fizicheskoy kul'tury po primeneniyu gendernogo podhoda v obrazovanii: vozmozhnosti razvitiya v sisteme povysheniya kvalifikacii [Competencies of physical education teachers in applying a gender approach in education: opportunities for development in the professional development system] [Text] // *Teoriya i praktika fizicheskoy kul'tury*. – 2020. – №7. – P. 32-41. [In Russian]
9. **Mikhailova, E.Yu., Utisheva, E.V., Zakrevskaya, N.G., Androsova, G.A.** Akademicheskaya sistema fizicheskogo vospitaniya i sporta: gendernyj aspekt [Academic system of physical education and sport: a gender perspective] [Text] // *Teoriya i praktika fizicheskoy kul'tury*. – 2021. – №12. – P. 87-88. [In Russian]
10. **Erofeeva, R.Zh.** Formirovanie professional'noj gotovnosti uchitelej fizicheskoy kul'tury s uchetom gendernyh osobennostej obuchayushchihsya [Formation of professional readiness of physical education teachers taking into account gender characteristics of students] [Electronic resource] Dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD). – Pavlodar, 2020. https://tou.edu.kz/upload/dis_council/135.pdf [In Russian]

М.К. Сирлибаев*, З.К. Кульшарипова, Ж.Д. Капашева
Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан,
Павлодар, Казахстан

Основные компетенции будущих учителей физической культуры в области гендера

Аннотация. Внедрение гендерного подхода в процессы обучения и воспитания подрастающего поколения выступает одним из приоритетных направлений современного спортивного образования. Особую значимость данная проблематика приобретает в сфере физической культуры и спорта, где гендерные аспекты проявляются более выражено по сравнению с другими социальными областями. Учет гендерно-ролевых особенностей обучающихся способствует достижению более высоких результатов в двигательной активности и при этом не нарушает закономерностей естественного личностного развития.

К перспективным задачам данного направления исследования относятся обеспечение преемственности в формировании у учителей физической культуры компетентности по реализации гендерного подхода в работе со школьниками, а также разработка диагностического инструментария, направленного на выявление дефицитов гендерной компетентности педагогов.

Рассматриваемые в статье кадровые, учебно-методические, научно-методические и информационные условия способствуют повышению уровня готовности учителей физической культуры к применению гендерного подхода и могут быть эффективно использованы в системе их подготовки и повышения квалификации в педагогических вузах.

В ходе исследования был предложен комплекс диагностических материалов и методических рекомендаций, предназначенных для практического использования педагогами в будущей профессиональной деятельности. Данный комплекс охватывает вопросы распознавания гендерных особенностей, соотношения маскулинности и фемининности, формирования гендерной толерантности обучающихся, различий между представителями разных полов, гендерно-ролевых установок учителя, учета гендерных различий в обучении, а также гендерных предпочтений. Уровень сформированности гендерной компетентности учителей физической культуры напрямую влияет на их нравственные ориентиры, степень толерантности и способность выбирать оптимальные стратегии развития базовых компетенций в гендерной сфере.

Ключевые слова: гендер, гендерная проблематика в образовании, компетентность будущих учителей физической культуры, физическая культура, гендерный подход.

М.К. Sirlibaev*, Z.K. Kulsharipova, Zh.D. Kapasheva
Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan,
Pavlodar, Kazakhstan

Key competencies of future physical education teachers in the field of gender

Annotation. Integrating a gender-sensitive approach into the processes of teaching and upbringing the younger generation represents a key direction in contemporary sports education. This issue is particularly significant in the field of physical education and sport, where gender-related challenges tend to manifest more acutely than in many other social domains. Taking gender-role characteristics into account makes it

possible to achieve higher outcomes in motor activity while not disrupting the natural process of personal development.

Among the promising objectives of this line of research are ensuring continuity in the development of physical education teachers' competence in implementing a gender-based approach when working with school students, as well as designing diagnostic tools aimed at identifying deficiencies in teachers' competence related to gender issues. The staffing, curricular-methodological, scientific-methodological, and informational conditions examined in the article contribute to enhancing physical education teachers' competence in applying a gender-sensitive approach and may be widely used in the processes of their training and professional development within pedagogical higher education institutions.

In the course of the study, a set of diagnostic materials and methodological guidelines was proposed for teachers' future professional practice. These materials encompass the recognition of gender characteristics, masculinity and femininity, students' gender tolerance, differences between the two sexes, teachers' gender-role attitudes, consideration of gender differences in instruction, and gender preferences. The level of formation of physical education teachers' gender competence directly influences their moral principles, level of tolerance, and ability to select optimal strategies for developing basic competence in the gender domain.

Keywords: gender, gender roles in education, competence of future physical education teachers, physical education, gender-based approach.

Мақала тарихы: Алынған күні: 13.11.2025. Қабылданды: 09.12.2025.

Авторлар туралы мәлімет:

Сирлибаев Медет Кошербаевич – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының докторанты, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан Республикасы, Олжабай батыр 60. Tel: 87779368292 E-mail: Sirlibaevm@mail.ru ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-9099-7031>

Кульшарипова Зару Касымовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика жоғары мектебінің қаумдастырылған профессоры, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан. E-mail: kulsharipovazk@mail.ru

Капашева Жансара Дүйсенбековна – педагогика ғылымдарының магистрі, Педагогика жоғары мектебінің оқытушы, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан. E-mail: kapasheva0202@mail.ru ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0007-4009-395X>

Information about the authors:

Sirlibayev Medet – Doctoral student educational program «Pedagogy and Psychology», Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar, Republic of Kazakhstan. Tel: 87779368292 E-mail: Sirlibaevm@mail.ru ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-9099-7031>

Kulsharipova Zaru – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Higher School of Pedagogy, Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar, Kazakhstan. E-mail: kulsharipovazk@mail.ru

Kapasheva Zhansara – Master of Pedagogical Sciences, teacher of the Higher School of Pedagogy, Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan, Pavlodar, Kazakhstan. E-mail: kapasheva0202@mail.ru ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0007-4009-395X>

Информация об авторах:

